

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

«2021 жыл кезеңінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген нысаналы трансферттердің мақсатына сай жұмсалуды кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтауына аудит жүргізу»

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:
Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.

I. Кіріспе бөлік.

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: 2021 жыл кезеңінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген нысаналы трансферттердің мақсатына сай жұмсалуды кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтауына аудит жүргізу.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты: 2021 жыл кезеңінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген нысаналы трансферттердің мақсатына сай жұмсалуды кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтауына мемлекеттік аудит жүргізу.

1.3. Мемлекеттік аудит объектілері: «Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ, Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Түркістан облыстық №2 олимпиада резервінің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» КММ, Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Түркістан облыстық №4 олимпиада резервінің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» КММ, Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Түркістан облыстық №5 олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ, Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Түркістан облыстық су спорты түрлерінен олимпиада резервінің мамандандырылған балалар- жасөспірімдер спорт мектебі» КММ, Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған облыстық футбол мектебі» КММ, Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Мақтаарал аудандық №2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ, Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Төлеби аудандық №3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ, Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Сайрам аудандық №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ, Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Отырар аудандық №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ, Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Отырар аудандық №2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ, Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Сарыағаш аудандық №2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ, Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Кентау қалалық Б.Саттарханов атындағы №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрілігінің «Түркістан облысының Полиция департаменті» ММ, «Түркістан облысы әкімінің аппараты» ММ, Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бәйдібек ауданы әкімі аппараты» ММ, «Сарыағаш ауданы әкімінің аппараты» ММ, «Шардара ауданы әкімінің аппараты» ММ, «Жетісай ауданы әкімінің аппараты» ММ, «Созақ ауданы әкімі аппараты» ММ, «Төлеби ауданы әкімі аппараты» ММ, «Сайрам ауданы әкімінің аппараты» ММ, «Мақтаарал ауданы әкімінің аппараты» ММ, «Қазығұрт ауданы әкімінің аппараты» ММ, «Келес ауданы әкімінің аппараты» ММ, «Ордабасы ауданы әкімінің аппараты» ММ, Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар ауданы әкімінің аппараты» ММ, «Сауран ауданы әкімінің аппараты» ММ,

ММ, «Түлкібас ауданы әкімінің аппараты» КММ, «Кентау қаласының әкімдігінің аппараты» ММ, «Арыс қаласының әкімінің аппараты» ММ, «Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасы» ММ, Түркістан облысы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚМҚК, Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Отырар аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚМҚК, Түркістан облысы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының «Бәйдібек аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚМҚК, Түркістан облысы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының «Шардара аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚМҚК, Түркістан облысы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының «Созақ аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚМҚК, «Түркістан облысының құрылыс басқармасы» ММ, Түркістан қаласы әкімдігінің «Құрылыс бөлімі» ММ, Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бәйдібек аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылыс бөлімі» ММ, «Кентау қалалық құрылыс бөлімі» ММ, «Ордабасы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылыс бөлімі» ММ, Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылыс бөлімі» ММ, «Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылыс бөлімі» ММ, «Жетісай ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылыс бөлімі» ММ, Арыс қаласының «Құрылыс бөлімі» ММ, «Сайрам аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылыс бөлімі» ММ, «Түлкібас ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылыс бөлімі» КММ, «Төлеби аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылыс бөлімі» ММ, «Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» ММ, «Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ, «Түркістан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ, «Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ, Арыс қаласының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ, «Мақтаарал ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ, «Жетісай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ, «Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ, «Шардара ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ, «Түлкібас ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ, «Сарыағаш ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» ММ, «Сарыағаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ, «Келес ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ, Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ, «Төлеби ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль

жолдары бөлімі» ММ, «Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ, Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бәйдібек аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ, Түркістан қаласы әкімдігінің «Инфрақұрылым және коммуникациялар бөлімі» ММ.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2021 жылдың 01 қаңтарынан 2021 жылдың 31 желтоқсан аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2022 жылға арналған тізбесіне сәйкес «2021 жыл кезеңінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген нысаналы трансферттердің мақсатына сай жұмсалуды кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтауына аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті 2022 жылғы 24 ақпаннан 15 шілде аралығында сәйкестік аудиті жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 68 аудит объектісі қамтылды. Оның ішінде 51 мемлекеттік мекеме, 5 коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын, 12 коммуналдық мемлекеттік мекемеде жүргізілді.

Мемлекеттік аудит объектісінің бюджеттік бағдарламаларының орындалуы.

Түркістан облысының спорт басқармасы бойынша:

«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 наурыздағы № 174 қаулысы негізінде білім беру ұйымдарының педагогтеріне лауазымдық айлықақының мөлшерінде түзету коэффициенттер қолданумен қызметкерлерге қосымша ақы есептеу айқындалған.

Есеп жылы басындағы бекітілген мекемелердің тарификациясына сай есептеліп, бюджеттік өтінімдер тапсырылған. Оның ішінде 50 аудан БЖСМ, 7 облыс олимпиада резерв КММ, 2 олимпиада резервін даярлау МҚҚМ, барлығы – 59 мекеме бойынша есеп жүргізілген.

Түркістан облысы әкімі аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша:

Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджеттік өтінімдер шығыстарының түрлері жөніндегі есептеулер Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» № 511 бұйрығына сәйкес рәсімделген.

«2021 - 2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 840 қаулысы негізінде, «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» 11.12.2020 жылғы №54/557-VI санды Түркістан облыстық мәслихатының шешімін іске асыру туралы, Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы №255 қаулысымен 009 032 «Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу» бюджеттік бағдарламасы бойынша Түркістан облысы бойынша 450 751,0 мың теңгеге нысаналы трансферттермен жоғарғы тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламасы бекітілген.

Түркістан облысының денсаулық басқармасы бойынша:

«Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 754015 «Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу» және 754058 «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламаларының кіші бағдарламасы 032 «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер есебінен» бөлінген қаржыларды жоспарлау Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» №511 бұйрығының қосымшаларына сәйкес рәсімделген бюджеттік өтінімдер негізінде жүргізілген.

«Түркістан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша:

«Түркістан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 271013 «Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру», 271017 «Спорт объектілерін дамыту», 271020 «Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту», 271039 «Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау», 271078 «Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымды дамыту», 271097 «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту», 271114 «Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру» бюджеттік бағдарламалары арқылы 032 «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер есебінен» бөлінген қаржыларды жоспарлау Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» №511 бұйрығының қосымшаларына сәйкес рәсімделген бюджеттік өтінімдер негізінде жүргізілген.

«Түркістан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша:

«Түркістан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Басқарманың ведомстволары жоқ.

Басқарманың миссиясы – Түркістан облысы аумағында энергетика, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, ауыз сумен қамтамасыз ету, газбен қамтамасыз ету, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, абаттандыру, санитарлық тазалық салаларын мемлекеттік реттеу мен басқару саласындағы мемлекеттік саясатты Түркістан облысының аумағында іске асыру болып табылады.

Мендеттері:

- энергетика, энергия үнемдеуді, энергия тиімділік пен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты, ауыз сумен қамтамасыз ету, газбен қамтамасыз ету, абаттандыру, санитарлық тазалық дамыту салаларындағы облыстық бағдарламалар мен іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және іске асыру;

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген басқа да міндеттерді атқару болып табылады. Басқарма, аудиттелетін кезеңде төмен тұрған бюджеттерге нысаналы даму трансферттер шеңберінде инженерлік инфрақұрылымды дамыту бойынша іс-шараларды (жобаларды) іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер қаражатын алушы болып табылады.

Басқармамен 2021 жылға арналған бюджет қаражатының қажеттілігіне байланысты 114 «Төмен тұрған бюджеттерге нысаналы даму трансферттері» бюджеттік бағдарламасының 032 «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер» кіші бағдарламасы бойынша жалпы 31 249 103,0 мың теңге жоспарланған. Оның ішінде:

- Сумен жабдықтау жүйесіне 11 435 214,0 мың теңге;
- Кәріз жүйесіне 3 986 629,0 мың теңге;
- Электрмен жабдықтау жүйесіне 6 106 212,0 мың теңге;
- Жылумен жабдықтау жүйесіне 616 044,0 мың теңге;
- Газбен жабдықтау жүйесіне 7 959 544,0 мың теңге;
- Абаттандыруға 1 145 460,0 мың теңге.

Осы қаржыдан мемлекеттік аудитпен қамту үшін мемлекеттік аудит объектісін алдын ала зерделеу нәтижелері бойынша 279114 «Төмен тұрған бюджеттерге нысаналы даму трансферттері» бюджеттік бағдарламасының 032 кіші бағдарламасымен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер есебінен жүзеге асырылатын 22 506 938,7 мың теңге қаржы айқындалған.

Осы зерделеумен айқындалған қаржы облыс көлемінде аудан, қала және елді мекендерді абаттандыруға, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға, кәріз жүйелерін жақсартуға, электр, газ тасымалдау және жылу-энергетикалық жүйелерін іске асыру мақсатында бағытталған.

Түркістан облысының ауылшаруашылық басқармасы бойынша:
«Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) ауыл шаруашылығы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Басқарманың ведомстволары бар.

Басқарманың миссиясы – Түркістан облысында ауыл шаруашылығы және ветеринария салаларында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

Міндеттері:

- агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағдарламаларын іске асыру;
- өсімдік шаруашылығын дамыту бойынша іс-шараларды іске асыру;
- ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық технологияларды енгізу;
- облыстың агроөнеркәсіптік кешенінде іс-шараларды іске асыруға жәрдемдесу;
- астық нарығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- мақта саласын дамытуда мемлекеттік саясатты іске асыру;
- өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- басқарма қызметі саласына жататын салаларды дамыту үшін инвестициялар тарту;
- басқарма қызметі саласына жататын салаларда қызметін жүзеге асыратын шетелдік заңды және жеке тұлғалармен заңнамада белгіленген тәртіппен өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

Басқарма, аудиттелетін кезеңде «коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» және «ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау» бойынша іс-шараларды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер қаражатын алушы болып табылады.

Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы бойынша:

«Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Басқарманың қарамағындағы ұйым:

Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Оңтүстік жолдары» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны.

Басқарманың миссиясы – Түркістан облысы аумағында жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады.

Міндеттері:

- автомобиль жолдары және жол шаруашылығы, автомобиль көлігі салаларында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру;

- жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және жол шаруашылығы салаларындағы іс-шаралар жоспарларын іске асыру;

- экономиканың және тұрғындардың автомобильмен тасымалдауға және өзге де жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге деген мұқтажын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау;

- өз құзыреті шегінде облыстық маңызы бар автомобиль жолдарында жол қозғалысы қауіпсіздігі талаптарының орындалуын қамтамасыз ету;

- жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен облысаралық тасымалдауларға байланысты жұмысты үйлестіру және реттеу;

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген басқа да міндеттерді атқару болып табылады.

Басқарма, аудиттелетін кезеңде төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер және автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер қаражатын алушы болып табылады.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

Аудиторлық іс-шарамен 2021 кезеңі бойынша **71 114 323,7 мың теңге** қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 68 аудит объектісінің ішінде 21 аудит объектісінде қаржылық бұзушылықтар анықталған.

Анықталған қаржылық бұзушылықтар сомасы барлығы **13 675 613,6 мың** теңгені құрады. Оның ішінде:

- Бюджет қаражатын және активтерді пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары **200 993,1 мың теңге**;

- Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары **13 474 620,5 мың теңге**.

Жалпы өтелуге және қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі **13 675 613,6 мың теңге**, оның ішінде қалпына келтіруге жататыны 13 674 626,7 мың теңге (*оның ішінде 200 006,2 мың теңге жұмыстар бойынша қалпына келтіру, 13 474 620,5 мың теңге бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау бойынша қалпына келтіру*), өтелуге жататыны 986,9 мың теңге.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы **1 893 231,1 мың теңге** өтеліп, қалпына келтірілген *(оның ішінде 1 892 902,0 мың теңге қалпына келтірілген болса, 329,1 мың теңге өтелді)*.

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 125 бірлік бұзушылық фактілері 24 объектіде орын алған.

Аудит барысында келесі бұзушылықтар орын алған:

Бюджет қаражатын және активтерді пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасының және өзге де заңнаманың бұзушылықтары 200 993,1 мың теңгені құраған. Талдап айтсақ:

1. «ҚР Ішкі істер министрлігі Түркістан облысының полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі, мекеме қызметкерлеріне айлық жалақы және тұрғын-үй төлемдерін жасау кезінде 100,8 мың теңге қаржылық бұзушылыққа жол берілген *(Бұл ретте, 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 103 бабының талаптары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қарашадағы №1209 қаулысының талаптары сақталмаған)*.

2. «Бәйдібек аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ бойынша сметалық пайда артық есептелініп төленіп 13,3 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған.

3. «Ордабасы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша «Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Төрткөл ауылдық округі, Төрткөл ауылында дене шынықтыру және сауықтыру кешені құрылысы» нысаны бойынша 2021 жылы барлығы 28,7 мың теңгеге сметалық пайда артық есептелініп төленген.

4. Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша «ОҚО, Отырар ауданы, Балтакөл ауылдық округінің, Балтакөл ауылында 200 орынды мәдениет үйін салу» құрылысы бойынша 2021 жылы мердігер «Барыс-Тассай» ЖШС-не 15,8 мың теңге сметалық пайда артық есептелініп аударылған.

5. «Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі»ММ бойынша «ОҚО, Созақ ауданы, Қарақұр ауылдық округінің Қарақұр елді мекенінде 75 орынға арналған мәдениет үйін салу» нысаны бойынша 2021 жылы барлығы 170,5 мың теңгеге сметалық пайда артық есептелініп төленген *(Бюджет кодексінің 97 бабы 6 тармағының 1), 4) тармақшалары, Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінің 215 тармағының 2), 3), 5) және 6) тармақшалары және ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2017 жылғы 14 қарашадағы «Құрылыстағы баға белгілеу бойынша нормативтік құжаттарды бекіту туралы» №249-нқ бұйрығының 2-қосымшасының 18, 19 тармағы)*.

6. «Жетісай ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 2021 жылдың желтоқсан айында «TURAN ENERGO GROUP» ЖШС тапсырыс беруші «Жетісай ауданының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесіне «ОҚО, Мақтарал ауданы, Жетісай қаласы, М.Әуезов көшесі бойында орналасқан 80,0 га жер телімінің ішінен I-Жоба көшесі бойынан 5 қабатты 20 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы (сыртқы инженерлік желісіз) тұрғын үй №1» нысаны бойынша Ф2 нысандағы орындалған жұмыстарды қабылдау актісін ұсынбастан, орындалған жұмыстар мен шығындар құны туралы №6 анықтаманы 45 325,3 мың теңгеге ұсынған.

Алайда, «Жетісай ауданының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі орындалмаған жұмыстар үшін «TURAN ENERGO GROUP» ЖШС-нің «ForteBank» АҚ-ның бөлімшесінен ашылған есеп шотына Ф3 орындалған жұмыстар мен шығындар құны туралы №6 анықтамаға сәйкес 2021 жылдың 28 желтоқсанында №4673518/21-472 төлем тапсырмасымен 45 325,3 мың теңге аударған.

Сондай-ақ, 2021 жылдың желтоқсан айында «TURAN ENERGO GROUP» ЖШС тапсырыс беруші «Жетісай ауданының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесіне «ОҚО, Мақтарал ауданы, Жетісай қаласы, М.Әуезов көшесі бойындағы жайғасқан ұлғайтуға бөлінген 80,0 га жер телімінің ішінен I-Жоба көшесі бойынан 5 қабатты 60 пәтерлі тұрғын үй құрылысы (сыртқы инженерлік желілерсіз) тұрғын үй №1» нысаны бойынша Ф2 нысандағы орындалған жұмыстарды қабылдау актісін ұсынбастан, орындалған жұмыстар мен шығындар құны туралы №6 анықтаманы 138 383,0 мың теңгеге ұсынған.

Алайда, «Жетісай ауданының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі орындалмаған жұмыстар үшін «TURAN ENERGO GROUP» ЖШС-нің «ForteBank» АҚ-ның бөлімшесінен ашылған есеп шотына Ф3 орындалған жұмыстар мен шығындар құны туралы №6 анықтамаға сәйкес, барлығы 138 383,0 мың теңге аударған, оның ішінде 2021 жылдың 26 желтоқсанында №4673518/21-465 төлем тапсырмасымен 50 000,0 мың теңге, 2021 жылдың 26 желтоқсанында №4673518/21-466 төлем тапсырмасымен 35 000,0 мың теңге және 2021 жылдың 28 желтоқсанында №4673518/21-470 төлем тапсырмасымен 53 383,0 мың теңге (*Бюджет кодексінің 97 бабы 6 тармағының 1), 4) тармақшалары, ҚР Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінің 215 тармағының 2), 3), 5) және 6) тармақшалары және 27.07.2020 жылғы Құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №38 шарттың 2.1, 3.5 тармақтары*).

7. «Түлкібас ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша жобалаушы «Энергохолдинг LTD» ЖШС қысқы қымбаттау коэффициентімен «Жаскешу а/о, Рысқұл ауылының Уалиханов, Болашақ көшелеріне, Жаскешу ауылының Мылтықбаев көшесіне, Түлкібас кентінің Астана көшесіне, Майтөбе ауылының Исабек, Уалиханов көшелеріне электр желісін салу және трансформатор орнату құрылысы» ЖСҚ әзірлеген, бұл 2021 жылы орындалған жұмыстардың актілерін 657,8 мың теңге сомасына жоғары құнмен қабылдауға әкеліп соққан (*Қазақстан Республикасындағы*

сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Заңның 60 бабының 4-тармағы және ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті Төрағасының 2017 жылғы 14 қарашадағы №249-нқ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы құрылыстың сметалық құнын айқындау жөніндегі нормативтік құжатқа 1-қосымшаның 9.1-тармағы).

8. «Келес ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша жалпы 16 297,9 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған. Оның ішінде:

ҚР Бюджет Кодексінің 97 бабының 6-тармағын бұза отырып, Түркістан облысы, Келес ауданы, Жамбыл ауылдық округінің Ащыкөл елді мекенін ауыз сумен жабдықтау құрылысы объектісінде жалпы сомасы 3 090,0 мың теңгеге ақы төлеуге қабылданған жабдықтардың жекелеген бірліктерінің жоқтығы және жұмыстар сапасыз орындалған.

ҚР Бюджет Кодексінің 97 бабының 6-тармағын бұза отырып, Түркістан облысы, Келес ауданы, Жамбыл ауылдық округінің Қалғансыр елді мекенін ауыз сумен жабдықтау құрылысы объектісінде жалпы сомасы 10 566,4 мың теңгеге ақы төлеуге қабылданған жабдықтардың жекелеген бірліктерінің жоқтығы және жұмыстар сапасыз орындалған.

ҚР Бюджет Кодексінің 97 бабының 6-тармағын бұза отырып, «Түркістан облысы, Келес ауданы, Ошақты ауылдық округі, Ошақты елді мекеніндегі ішкі көшелері-1 L = 1100 м, к-ш жол жамылғысын орташа жөндеу» жұмыстары объектісінде жалпы сомасы 1 624,2 мың теңгеге ақы төлеуге қабылданған жұмыстар орындалмаған.

ҚР Бюджет Кодексінің 97 бабының 6-тармағын бұза отырып, «Түркістан облысы, Келес ауданы, Ошақты ауылдық округі, Ошақты елді мекеніндегі ішкі көшелері-2 L = 1100 м, к-ш жол жамылғысын орташа жөндеу» жұмыстары объектісінде жалпы сомасы 1 624,2 мың теңгеге ақы төлеуге қабылданған жұмыстар орындалмаған.

Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде жалпы 13 474 620,5 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталған. Атап айтқанда:

1. «Жетісай ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша негізсіз бухгалтерлік жазба жасап, 183 708,3 мың теңге қаржылық бұзушылыққа жол берген (*Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 272 тармағы*).

2. Арыс қаласының «Құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша Өзге операциялық шығыстар ретінде мекеменің шығындары деп 4 000,0 мың теңге есептен шығарылып, қаржылық бұзушылыққа жол берген (*Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» №393 бұйрығымен бекітілген қағиданың 272 тармағы*).

3. «Түлкібас ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ 2021 жылдың соңында 7 687,6 мың теңгеге кредиторлық қарыз орын алған. Алайда, мекеме 7 687,6 мың теңге көлеміндегі кредиторлық қарызды жыл соңындағы қаржылық есептілікте көрсетпеген (*Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларының 15, 18, 19, 22 тармақтары және ҚР Қаржы министрлігінің 2017 жылғы 1 тамыздағы №468 бұйрығымен бекітілген Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларының 7-қосымшасының 215 тармағы*).

4. «Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 808 169,0 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған.

Атап айтсақ, Бюджет кодексінің 116-бабының 1-тармағын, ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларының 240, 243, 245, 247 және 272-тармақтарын бұза отырып, аудит объектісі 739 445,3 мың теңге сомасына актілердің құжаттық ресімделуінің дұрыстығы қамтамасыз етілмей, есептен шығарылған.

Сондай-ақ, ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларының 243, 245 және 247-тармақтарын бұза отырып, аудит объектісі жалпы сомасы 1 068 723,7 мың теңгеге орындалған абаттандыру және орташа жөндеу жұмыстарын қабылдау туралы актінің құжаттамалық ресімделуінің дұрыстығын қамтамасыз етпей, қызмет көрсету нәтижесінде алынған активтер танылмаған.

5. Арыс қаласының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі Бюджет кодексінің 116-бабының 1-тармағын, ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларының 240, 241, 247 және 272-тармақтарын бұза отырып, құрылыс нәтижесінде сомасы 1 133 292,8 мың теңге активті құжаттық ресімдеудің дұрыстығын қамтамасыз етпей, «аяқталмаған құрылыстар» және «өзге операциялық шығыстар» шоттары бойынша есепке алынып, есепте негізгі құралдардың құрамына уақытында танылмаған.

Бұзушылықтың себебі, бухгалтерлік есеп жүйесіндегі операциялар мен оқиғалардың дұрыс көрсетілмеуі болып табылады.

6. «Мақтаарал ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде жалпы 531 581,2 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған.

Атап айтқанда Бюджет кодексінің 116-бабының 1-тармағын, ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығының 116, 118, 142, 272-тармақтарын бұза отырып, аудит объектісімен 3 469,1 мың теңге сомаға

орындалған құрылыс жұмыстарын қабылдау туралы актінің құжаттамалық ресімделуінің дұрыстығы қамтамасыз етілмеген.

Сол сияқты, Бюджет кодексінің 116-бабының 1-тармағын, ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығының 240, 241-тармақтарын бұза отырып, аудит объектісімен 528 112,1 мың теңге сомасына 26 көшенің орындалған орташа жөндеу жұмыстарын қабылдау туралы актінің құжаттық ресімделуінің дұрыстығы қамтамасыз етілмеген.

7. «Жетісай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде жалпы 856 066,7 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған.

Атап айтқанда, Бюджет кодексінің 116-бабының 1-тармағын, ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығының 240 және 241-тармақтарын бұза отырып, аудит объектісімен 687 435,5 мың теңге сомасына 42 көшенің орындалған орташа жөндеу жұмыстарын қабылдау туралы актінің құжаттық ресімделуінің дұрыстығы қамтамасыз етілмеген.

ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларының 88-1-тармағын және Бюджет кодексінің 116-бабының 1-тармағын бұза отырып, 166 079,2 мың теңге сомаға активті (КТП) сенімгерлік басқаруға беру нәтижесінде активті құжаттамалық ресімдеудің дұрыстығын қамтамасыз етпей, есептен шығарған.

ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 243-тармағының, 250-тармақтың 3 абзацын және Бюджет кодексінің 116-бабының 1-тармағын бұза отырып, 2 552,0 мың теңге сомасына 2340 «Беру құрылғылары» шотына құрылыс нәтижесінде активті құжаттық ресімдеудің дұрыстығын қамтамасыз етпеген.

8. «Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 248-тармағын бұза отырып, аудит объектісі 179 551,8 мың теңге сомасына жұмсалған шығындардың 2340 «беру құрылғылары» шотында активтің аяқталған құрылыс ретінде құжаттық ресімделуінің дұрыстығын қамтамасыз етпеген.

9. Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі Бюджет кодексінің 116-бабының 1-тармағын, ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларының 240, 241, 247, 248, және 272-тармақтарын бұза отырып, жалпы сомасы 144 653,6 мың теңге сомасына орындалған орташа жөндеу жұмыстарын қабылдау туралы актінің, активтің және құрылыс салу нәтижесінде шығындар құнының құжаттамалық ресімделуінің дұрыстығын қамтамасыз етпеген.

Бұзушылықтың себебі, бухгалтерлік есеп жүйесіндегі операциялар мен оқиғалардың дұрыс көрсетілмеуі болып табылады.

10. «Түлкібас ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша жалпы 1 240 570,8 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған.

Атап айтқанда, Бюджет кодексінің 116-бабының 1-тармағын, ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларының 116, 118, 142 және 272-тармақтарын бұза отырып, аудит объектісімен 11 255,3 мың теңге сомаға кредиторлық берешегі көрсетілмей орындалған құрылыс жұмыстарын қабылдау туралы актінің құжаттамалық ресімделуінің дұрыстығы қамтамасыз етілмеген.

ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларының 88-1-тармағын және Бюджет кодексінің 116-бабының 1-тармағын бұза отырып, 762 695,5 мың теңге сомаға активті сенімгерлік басқаруға беру нәтижесінде активті құжаттамалық ресімдеудің дұрыстығын қамтамасыз етпей, есептен шығарған.

Бюджет кодексінің 116-бабының 1-тармағын, ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларының 240, 245, 247 тармақтарын бұза отырып, аудит объектісімен 466 620,0 мың теңге сомасында қаражат есептен шығарылып, 10 көшенің орындалған орташа жөндеу жұмыстарын қабылдау туралы актінің құжаттық ресімделуінің дұрыстығы қамтамасыз етілмеген.

11. «Сарыағаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша жалпы 392 118,1 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған.

Оның ішінде Бюджет кодексінің 116-бабының 1-тармағын, ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығының 240, 245, 247, 272 тармақтарын бұза отырып, аудит объектісімен 365 092,3 мың теңге сомасына 14 нысанның орындалған орташа жөндеу жұмыстарын қабылдау туралы актінің құжаттық ресімделуінің дұрыстығы қамтамасыз етілмей есептен шығарылған.

Бюджет кодексінің 116-бабының 1-тармағын, ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығының 142-тармағын бұза отырып, аудит объектісімен 26 222,9 мың теңге сомаға орындалған жұмыстар актісінің құжаттық ресімделуінің дұрыстығы қамтамасыз етілмей есептен шығарылған.

Бюджет кодексінің 116-бабының 1-тармағын, ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393 бұйрығының 116, 118, 142-тармақтарын бұза отырып, аудит объектісімен 802,9 мың теңге сомаға орындалған жұмыстар актісінің құжаттық ресімделуінің дұрыстығы қамтамасыз етілмей кредиторлық берешек көрсетілмеген.

12. «Келес ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша жалпы 2 407 956,2 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған.

Оның ішінде ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларының 243, 245, 247 және 272-тармақтарын бұза отырып, аудит объектісі жалпы сомасы 2 270 358,8 мың теңгеге орындалған жұмыстарын қабылдау туралы актінің құжаттамалық ресімделуінің дұрыстығын қамтамасыз етпей, қызмет көрсету нәтижесінде алынған активтер танылмаған.

ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларының 243, 245 және 247-тармақтарын бұза отырып, аудит объектісі жалпы сомасы 137 597,4 мың теңгеге құжаттамалық ресімделуінің дұрыстығын қамтамасыз етпей, есептен шығарылған.

13. Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бәйдібек аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесімен Бюджет кодексінің 116-бабының 1-тармағын, ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларының 272-тармақтарын бұза отырып, аудит объектісімен 566 929,0 мың теңге сомаға орындалған құрылыс жұмыстарын қабылдау туралы актінің құжаттамалық ресімделуінің дұрыстығы қамтамасыз етілмеген.

14. «Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бақармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша жалпы 3 878 154,0 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған.

Атап айтсақ, Бюджет кодексінің 116-бабының 1-тармағын, ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларының 240, 241, 247 және 271-тармақтарын бұза отырып, аудит объектісімен 3 505 696,0 мың теңге сомасына 11 автомобиль жолының орташа жөндеу жұмыстарын аяқталмаған құрылыс ретінде көрсетіп, құжаттық ресімделуінің дұрыстығы қамтамасыз етілмеген.

Сол сияқты Бюджет кодексінің 116-бабының 1-тармағын, ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларының 272-тармағын бұза отырып, Басқармамен 372 458,0 мың теңге сомасына 1 автомобиль жолының орындалған орташа жөндеу жұмыстарын қабылдау туралы актінің құжаттық ресімделуінің дұрыстығы қамтамасыз етілмеген.

15. Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Отырар аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 81 384,3 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған.

Кәсіпорынмен мердігерлерге аударған 49 508,3 мың теңгені 2021 жылдың шілде-желтоқсан айларындағы №6 журнал ордерінде 7110 «Өнімдерді сату және қызметтер көрсету бойынша шығыстар» шотының дебетіне, 7210

«Әкімшілік шығыстар» шотының дебетіне және 3310 «Өнім берушілер мен мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек» шотының кредитіне проводка беріліп, кәсіпорынның шығындары деп есептен шығарылғаны анықталды. Сонымен қатар, аталған негізгі құралдар бойынша амортизация есептелмегені анықталып, аудит барысында 2021 жылдың қараша, желтоқсан айларына 5620 «Алдыңғы жылдардың бөлінбеген пайдасы (жабылмаған залалы) шотының дебеті және 2420 «Негізгі құралдардың амортизациясы» шотының кредиті 31 876,0 мың теңгеге *(16136,8*2ай=32273,6мың теңге ұлғайтылған құнына есептеліну тиіс амортизация құны, (198,8*2ай=397,6мың теңге кәсіпорын нысанның ұлғайтылмаған құнына есептелінген амортизация сомасы. 2021 жылға қалпына келтіруге жататын қаржы 32273,6-397,6 =31876,0 мың теңге)* корреспонденциясы беріліп түзету жолымен қалпына келтірілді.

Бұл ретте, «Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар» 16-шы Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандарты (IAS16) стандарттың 10, 16, 50, 52, 55 тармақтарының талаптары сақталмаған.

16. Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Созақ аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 58 797,1 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған.

Кәсіпорын толық бітпеген күрделі жөндеу жұмыстарының шығындарын 2930 «Аяқталмаған құрылыс» шотының дебеті және 3310 «Өнім берушілер мен мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек» шотының кредиті деп бухгалтерлік жазбада көрсетуі тиіс болатын.

Алайда, кәсіпорынмен мердігерлерге аударылған 58 797,1 мың теңгені 2021 жылдың маусым, шілде, қыркүйек, желтоқсан айларындағы №6 журнал ордерінде 7010 «Сатылған өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны» шотының дебетіне және 3310 «Өнім берушілер мен мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек» шотының кредитіне проводка беріліп, кәсіпорынның шығындары деп есептен шығарылғаны анықталды.

Бұл ретте, ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №241 бұйрығымен бекітілген «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларын бекіту туралы» қағидаларының 10, 29 тармақтарының талаптары сақталмаған.

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 125 бірлік бұзушылық фактілері 24 аудит объектілерінде орын алған. Талдап айтсақ:

1. Бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілік бойынша 6 бірлік 2 мекемеде анықталған:

Атап айтқанда:

1) «Мақтаарал ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік;

2) «Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 4 бірлік.

2. Бюджет қаражатын және активтерді пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары бойынша 70 бірлік 22 мекемеде анықталған:

Атап айтқанда:

- 1) «Түркістан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінде 5 бірлік;
- 2) Түркістан қаласы әкімдігінің «Құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 4 бірлік;
- 3) «Бәйдібек аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;
- 4) «Жетісай ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;
- 5) «Сайрам аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;
- 6) «Түлкібас ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ 1 бірлік;
- 7) «Төлеби ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;
- 8) «Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;
- 9) Арыс қаласының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;
- 10) «Мақтаарал ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;
- 11) «Жетісай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 8 бірлік;
- 12) «Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;
- 13) Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;
- 14) «Түлкібас ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік;
- 15) «Сарыағаш ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 5 бірлік;
- 16) «Келес ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

17) «Төлеби ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 12 бірлік;

18) «Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 3 бірлік;

19) «Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 3 бірлік;

20) Түркістан қаласы әкімдігінің «Инфрақұрылым және коммуникациялар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 8 бірлік;

21) «Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінде 3 бірлік;

22) «Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бақармасы» мемлекеттік мекемесінде 6 бірлік.

3. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңнамасы бойынша бұзушылықтар бойынша 49 бірлік 8 мекемеде анықталған:

1) Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік;

2) Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 3 бірлік;

3) «Сайрам аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

4) Арыс қаласының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік;

5) «Түлкібас ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 19 бірлік;

6) «Келес ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 5 бірлік;

7) «Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 3 бірлік;

8) «Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бақармасы» мемлекеттік мекемесінде 14 бірлік.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

Түркістан облысының денсаулық басқармасы бойынша:

«Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2020 жылдың 28 желтоқсанындағы «Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының 2021-2023 жылдарға арналған бюджеттік

бағдарламаларын бекіту туралы» №461 н/қ бұйрығымен басқарманың бюджеттік бағдарламалары бекітіліп, бюджеттік бағдарламаларға мерзімінде өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отырған.

2021 жылы 754015 «Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу» бюджеттік бағдарламасының 032 «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен» кіші бағдарламасы арқылы бөлінген қаржыларға 2020 жылы жол картасы және лизинг шарты шеңберінде қаржы лизингін беру жолымен лизинг нысаналарын сатып алу бойынша 45 бірлік «Жедел медициналық жәрдем автокөліктерін сатып алу» жоспарланып, іске асырылған.

Сонымен қатар, 2021 жылы 754058 «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасының 032 «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен» кіші бағдарламасы бойынша 4 денсаулық сақтау нысандарында күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланып, іске асырылған, атап айтқанда «ОҚО, Отырар ауданы, Қарғалы ауыл округі, Отырар ауылындағы «Шипагер» дәрігерлік амбулатория ғимаратын күрделі жөндеу», «ОҚО, Шардара ауданы, Қоссейт ауылы, Ұзын ата көшесіндегі, «Қоссейт дәрігерлік амбулатория ғимаратын күрделі жөндеу», «ОҚО, Созақ ауданы, Қаракұр елді мекеніндегі аурухана ғимаратын күрделі жөндеу» және «ОҚО, Бәйдібек ауданы, Бөген ауылдық округі, Қасымбеков көшесі №8 ғимаратында орналасқан «Шалдар ауылдық ауруханасы ғимаратын күрделі жөндеу» жұмыстары жүргізілген.

«Түркістан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша:

2021 жылы 271013 «Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру» бюджеттік бағдарламасының 032 «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен» кіші бағдарламасы арқылы 17 нысанның құрылысы жоспарланып, іске асырылған.

271017 «Спорт объектілерін дамыту» бюджеттік бағдарламасының 032 «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен» кіші бағдарламасы арқылы 2 нысанның құрылысы жоспарланып, іске асырылған.

271020 «Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту» бюджеттік бағдарламасының 032 «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен» кіші бағдарламасы арқылы 3 нысанның құрылысы жоспарланып, іске асырылған.

271039 «Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау» бюджеттік бағдарламасының 032 «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен» кіші бағдарламасы арқылы 1 нысанның құрылысы жоспарланып, іске асырылған.

271078 «Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасының 032 «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен» кіші бағдарламасы арқылы 8 нысанның құрылысы жоспарланып, іске асырылған.

271097 «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту» бюджеттік бағдарламасының 032 «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен» кіші бағдарламасы арқылы 8 нысанның құрылысы жоспарланып, іске асырылған.

271114 «Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру» бюджеттік бағдарламасының 032 «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен» кіші бағдарламасы бойынша 3 қала және 7 аудандар бойынша 53 нысанның құрылыстары жоспарланып, іске асырылған.

«Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша:

Басқарма, аудиттелетін кезеңде төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер және автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер қаражатын алушы болып табылады.

